

Мектеп басшыларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес 2024 жылдың 16-17 мамыр аралығында аудандық «Үздік бастауыш сынып бірлестігі» сырттай байқауы өтетіні туралы хабарлайды.

Осыған орай, аталған байқауға қатыстыруға бастауыш сынып әдістемелік бірлестіктің жұмысын ағымдағы жылдың 13 мамырына дейін аудандық білім бөліміне бастауыш сынып әдіскеріне берулеріңізді сұраймыз.


Қосымша: 3 бет

/ Басшының м.а.



Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Джуматаева
Тел: 87784290292



**Аудандық «Үздік бастауыш сынып бірлестігі»
сырттай байқауын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. Білім бөлімінің оқу-әдістемелік кабинеті «Үздік бастауыш сынып бірлестігі» байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізеді.
- 1.2. Байқау бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсібилігі мен мәртебесін, олардың іс-әрекетінің тиімділігін көтермелеуге бағытталған.
- 1.3. Ереже байқаудың мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін, оны өткізу тәртібі мен мерзімін, байқауға қатысу шартын және оның қорытындысын шығару мен марапаттау рәсімдерін анықтайды.
- 1.4. Байқаудың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы білім бөлімінің басшысының бұйрығымен бекітіледі.
- 1.5. Ұйымдастыру комитеті байқаудың бағалау өлшемдерін жасайды, байқауға ақпараттық сүйемелдеу жүргізеді, жеңімпаздарды марапаттауды ұйымдастырады.

2. БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

- Бастауыш білім беру саласындағы педагогикалық проблемалардың тиімді шешімдерін анықтау, сараптау және тарату, ең үздік бейнематериалдарды әлеуметтік медиаға орналастыру.

3. БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- Білім беру саласындағы педагогикалық серіктестікті дамыту;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жүйесінің ағымдағы жай-күйі туралы ақпараттандыру;
- Ұсынылған зияткерлік өнім сапасын жақсарту үшін білім беру саласындағы педагогикалық қызметтің үздік үлгілерімен алмасуды ынталандыру (*авторлық бағдарлама, сабақты зерттеу LS, тәжірибедегі рефлексия AR, тәлімгерлік, мектеп тренердің жұмысы, әлеуметтік және білімдік жобалары туралы ақпарат*);
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерін ынталандырып, қолдау.

4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ:

- объективтілік;

- ҒЫЛЫМИЛЫҚ;
- АШЫҚТЫҚ.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

- 5.1. Байқауға ауданның жалпы орта білім беретін мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі қатыса алады.
- 5.2. Байқау аудандық кезең :
2024 жылдың 16 мамыр – 17 мамыр аралығында өтеді.
- 5.3. Байқаудың аудандық кезеңіне қатысу үшін іс-шара төлқұжатына сәйкес (қосымша 1) өтінімдер және бейнематериалдар мектеп директорларының қолы қойылып, мөрі басылып. 2024 жылдың 13 мамырына дейін аудандық білім бөліміне жіберіледі. Осы мерзімнен кейін берілген материалдарды байқау комиссиясы қарастырмайды, қайтармайды.

6. БАЙҚАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

- 6.1. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жұмысының шынайы нәтижелерін көрсету керек. Өтініште байқауға қатысуға ұсынылу қисыны беріледі. бастауыш сынып пәндерінің оқу-әдістемелік кешендері бойынша іс-әрекетінің нәтижесі және т.б.
- 6.2. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары (электронды және қағаз түрінде), бейнематериалдар (флешка) жазылуы тиіс:

1-ші бөлім – қатысушылар жөнінде жалпы мағлұматтар

Жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс:

- титул парағы;

- мазмұны (14 шрифт, Times New Roman).

Әдістемелік бірлестіктің құжаттарында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындаған ұйымның толық атауы, ауданы (қаласы), мектебі;

- электрондық көрме (бірлестіктің қысқаша сипаттамасы мен жобалары);

- мұғалімдердің саналық құрамы;

- «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»,

«Мониторингтік зерттеулер жүргізу», «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеулер»,

«Мектеп тренері», орта білім жаңарту шеңберінде біліктілігін арттыру

бағдарламасы бойынша және қашықтан оқыту, бағалау тапсырмаларын құрастыру, т.б. курстарынан отуін дәлелдейтін тізім;

- тәлімгерлікті жүргізу туралы бұйрығы, жоспары мен құжаттары;

- сабақты зерттеу (Lesson Study), тәжірибедегі рефлексия (Action Research)

бұйрығы, топтарының құрамы, зерттеу сұрақтары мен нәтижесі, әлеуметтік және білімдік жобалары;

2-ші бөлім – әдістемелік бірлестіктің жұмысы бойынша бейнематериал

Бейнематериалдың ұзақтығы 5-6 минуттан аспау керек.

Бейнематериал (AVI немесе MP4) форматтарда сақталады, видеоның көлемі 600-800 Мбайттан аспауы қажет.

Бағалау критерийлері: бейнероликтің сапасы, оқыту мен оқудағы қолданылған жаңа тәсілдердің тиімділігі, әдістемелік бірлестіктің тақырыбы мен мақсаты, деңгейлік курсың бітірген мұғалімдер саны. Сабакты зерттеу (Lesson Study) тәсілінің жүзеге асырылу барысы: жүргізген топтарының саны, зерттелген оқу аспектісі, нәтижесі қайда қаралғаны туралы ақпарат. Мұғалімдердің тәжірибедегі рефлексия (Action Research) жүргізу барысы, тәлімгерлікті жүргізіп отырған бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық әлеуеті мен шеберлігі, қойылған міндеттердің орындалу нәтижесі, авторлық бағдарламалар, әлеуметтік және білімдік жобалары туралы ақпарат.

- 6.3. Байқау жұмысы және барлық қолданылатын мультимедиялық нысандар қалтаға (папкаға) салынып, флешкаға жазылады. Байқау материалдарына ой-пікірлер жазылып, қайтарылмайды.

7. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫН МАРАПАТТАУ

- Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Аудандық кезеңінде байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Қосымша 1

«#Үздік бастауыш сынып бірлестігі» сырттай байқауына қатысуға өтінім мектебі

№	Аудан (қала)	Мектебі	Бірлестік атауы	Байланыс телефондары, эл.поштасы

Мектеп директоры _____ Т.А.Ө. (қолы)
(мо)